



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Тілдердің жойылуы





Тілдер тарихы атты еңбекте көтерілген мәселенің бірі – ұлттық тілдердің жойылуы. Ондағы мәліметтерге сүйенетін болсақ, қазіргі кезде 6009 тіл бар екен, ал әлемдегі халықтар саны болса – 7 млрд. Сол 7 млрд халықтың тек 5 млрд 85 тілде сөйлейді екен де, қалған 2 млрд халқы сонда 5924 тілде сөйлейтін болғаны.

Ұлт деген терминнің өзі XVII–XVIII ғасырларда пайда болған. Ал одан бұрын қауымдастық деген болған. Мысалы, түрік, ғұндар, сақтар, бұлар үлкен қауымдастықтар болып есептеледі. Қауымдастықтың көлемі жағынан саны аз да, көп те болуы мүмкін. Олардың көбеюі ішкі және сыртқы жаулардан сақтай білу деңгейінің көтерілуіне байланысты болады. Солай бір ұлт, бір ұлыс қалыптасады. Егер бір қауымдастық ішкі және сыртқы жаулардан өзін қорғай алмаса, олар біртіндеп жойыла бастайды. Африкадағы үндістерді мысалға алайық, алғашқыда бірнеше тайпалар пайда болған, кейін олар бірігіп, бір қауымдастыққа айналған екен. Содан өздерін сыртқы жаудан қорғай алмаған соң, олар біртіндеп құрыған. Мысалы, Сібірдегі түркі тектес халықтар, алтайлар, сахалардың барлығы өздерін қорғай алатын деңгейге жете алмағандықтан, жойылып кетті.

Ұлттың толықтай өлімі ұзаққа созылатын процесс. Себебі бір қауымдастық белгілі бір деңгейге көтерілген соң, оның толықтай жойылып кетуі уақыт алады. Ұлттың, қауымдастықтың өлуі, бір ғана адамның өлімі емес. Бір адам өлген соң басында оның отбасысы қайғырады, кейін ұмыт болып кетеді. Қалыптасқан қауымдастық күйзеліске, жеңіліске ұшыраса, оның өлімі ғасырлар бойы ұзаққа созылады. Мысалы, кезінде дүркіреген Ассирия халқы ғасырлар өтсе де, қазір толықтай жер бетінен жойылып кеткен жоқ. Олардың әртүрлі топтары қазіргі Ирак елінде өмір сүріп жатыр.

2011 жылғы Сириядағы ішкі соғыстар, Ирактың ішіндегі ішкі соғыстардың негізінде, осы қалған топтар өздерінің құндылықтарын сақтап қалу үшін басқа елдерден пана іздеуге мәжбүр болады. Сондықтан тілдің толықтай жойылуы ұзақ уақытты алады. Ұлттың барлық адамы жойылғанда ғана, оның тілі де толықтай жойылды деп есептеледі.

Белгілі 6009 тілдің белсенді 85 тілінде 10 миллионнан аса адам сөйлейді. Бұлардың ұлт ретінде тілінің сақталып қалуы адамзат өркениетінің дамуына үлкен үлес қосады. Бұл зерттелген мәселе және біз оны америкалық жазушы, тарихшы және философ Уильям Джеймс Дюранттың кітабынан көре аламыз. Автор кітабында ол «Тарихта пайда болған өркениеттер, ұлттардың бір-бірімен бәсекелесінен пайда болады» деген екен. Сондықтан әр ұлт өзінің тілін, ұлттық құндылығын, әдет-ғұрпын, дәстүрін сақтау керек. Себебі ол басқа ұлттармен бәсекеге түсіп отырған сайын үлкен өркениеттердің пайда болуына негіз қалайды. Ал егер осылай ұлт жойылып кете берсе, тіл де жойыла бастайды.

Тіл әрбір елдің психологиялық құндылығы. Ол психологиялық құндылық жоғалған кезде, сол ұлт басқа ұлттармен бәсекеге түсе алмайды. Құндылықтар біртұтас жойыла берсе, адамзаттың өркениеті келешекте өте қауіпті жағдайға түседі.

Ұлттардың тілі тікелей басқаруға байланысты, әрбір елдің саяси билігі тілдің ары қарай өрістеуіне, өмір сүруіне мүмкіндік жасайтын механизм жасауы қажет. Ол механизм экономика, мәдениет, технология салаларында жасалуы керек. Адамзаттың пайда болу тарихына қарағанда да, экономикалық жағдайға байланысты тартымдылық болады. Адамдардың күнделікті тіршілігі, өмір сүруі, жұмыс істеуі, киім киюі, бала-шағасын асырауы, тәрбиесі, бұлардың барлығын қамтамасыз ететін экономиканың алғышарты жасалса, онда халықта ұлт сүйіспеншілігі пайда болады. Экономиканы дұрыс жолға қойғаннан кейін, ұлттық сананың өрістеуіне мәдениет үлкен үлес қосады. Мәдениет, өнер, әдебиет, ондағы салалар, жақсы өмірге қол жеткізген адамдар санасының, бұдан да айқын өрістеуіне жол ашады. Ол сол мәдениет, өнер, әдебиет арқылы өзінің ішіндегі ең әсем сезімдер мен түйсіктерді өз мінезінде, сөздерінде көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Қалай болғанда да, кез келген елдің дамуының басты көрсеткіші, ол – ғылымның дамуы. Ал қазіргі заманда, ғылымның дамуы технологияға қатысты болып отыр. Әрбір азаматымыз бүгінгі күнгі бәсекелестікте технологияны игере алмаса, ол өзінің армандарына жете алмайды. Экономика мен мәдениетті сүйрейтін, оған негізгі құрал болатын – технология. Технологияны біз арман, мақсат деп қарастырмауымыз қажет, оны ең керекті құрал деп қабылдауымыз керек. Технологияны үйрену, оны дамыту, еліміздің қажеттілігіне жұмсай алатындай деңгейде дамуын қамтамасыз ету, мәдениет пен экономикамызды ұлттық деңгейде сақтап қалуға



септігін тигізеді. Сондықтан бүгінгі күні ұлттық тілдерді сақтап қалу үшін тек бір фактіге сүйенуге болмайды. Мәселен, экономика, мәдениет, технология қарқынды дамуы мүмкін, бірақ оның ішінде бір рух болуы керек. Ол рух – ұлттық рух.

Әр азаматтың бойына сіңіру керек мәселе – ұлттық саяси психология. Әр адам менің елім, менің ұлтым демесе, дамыған елінің экономикасының, мәдениетінің, технологияның одан әрі өсуіне кедергі жасайды. Біз ұлттық мәдениетті ұмытып, өзге мәдениетке еліктесек, ұлттық тілімізге қауіп төндіреміз. Технология болса, ол бір жансыз дүние, сол себепті елінің болашағын ойламайтын азамат сол дүниенің құлына айналады.

Экономикаға келсек, экономиканың да ұлттық бағыты болмаса, ол экономиканың дамуы ұлттық тілге, ұлттық құндылықтарға қызмет жасамайды. Сондықтан, саяси басқаруда, ұлттың құндылықтарын сақтап қалу мәселесінде де ұлттық саяси психологияны қалыптастыруымыз қажет. Өткен тарихымызда әртүрлі себептермен, қазақтардың ұлттық саяси психологиясы шамалы жарақат алды. Оған хандық дәуірінен мысалдар алып, келтіруге болады. 1847–1904 жылдар аралығында қазақ халқы мүлде саяси жүйесіз қалды, мемлекеттік басқару болған жоқ. Кейін жаңа бір топ «Алаш қайраткерлері» пайда болды. Сол «Алаш қайраткерлері» алғашқы ұлттық саяси сананың қалыптасқан тобы болды. Бірақ, өкінішке орай, біздің ұлттық элиталарымыз қазақ халқының ұлттық саяси психологиясының толықтай қалыптаспағанын сезгендіктен, большевиктермен бірігуге мәжбүр болды. Бұл туралы кеңес үкіметінде талай мақалалар жазылды, айтылды. Ұлттық саяси психологияны ыдыратуға қаншама қиянат жасалғанын да білеміз. Сол себептен, тәуелсіздік алған соң біздің мемлекетіміздің басты бағдарламасы, ұлттық саяси психологияны қалпына келтіру болды. Содан кейін, әрбір қазақ өз тарихымен, мәдениетімен, ұлттық құндылықтарымен танысып, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын біліп, өзінің бойына ұлттық сананың қайта тірілту, оятуына қызмет жасайтын үлкен бағдарламалар қабылданды. Алғашында «Мәдени мұра», кейінгісінде «Тарих толқынында», соңғысында «Рухани жаңғыру» бағдарламалары арқылы қазақ халқының ұлттық саяси психологиясын қалыптастыру жолында үлкен қызмет жасалып жатыр. Егер қазақтың ұлттық саяси психологиясы толықтай қалыптаспаса, экономикасы, технологиясы, мәдениеті әрі қарай дамыса да, мұндай даму қазақтың ұлттық құндылығын, тілін сақтап қалудың кепілі бола алмайды.

Тәуелсіздік – ең киелі, қастерлі ұғым. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін білу, түсіну – әр азаматтың парызы. Мемлекетіміздің жасап жатқан бағдарламаларын дұрыс түсініп, пайдалана алуымыз қажет. Қанша жерден жыласақ та, бізді ешкім жұбатпайды, қазақты тек қана қазақ жұбатады. Сондықтан әр қазақ өз құндылықтарын құрметтеп, мүмкіндігін дұрыс пайдалануы керек.

Егер «Мемлекет маған жағдай жасаса, мүмкіндік берсе, мен ұлтыма, мемлекетіме қызмет жасар едім» деген сөздерден, әсіресе, қазақ жастары, арылуы керек. Мұндай талап қоюдан арылмасақ, мемлекетіміз ешқашан дамымайды. Ұлтты сүю, мемлекетті сүю шартсыз болуы керек. Кез келген жағдайда, кедейсің бе, байсың ба, мемлекетті саудаға салмауымыз қажет. Аталарымыздың мықтылығы сол, олар ұлттық қауымдастықтың XXI ғасырға дейін сақтаулына мүмкіндік туғызды. Бүгінгі күнге жетуде көптеген кемшіліктер болды. Дегенмен қазақ халқы сақталып, тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Тарихта мынадай айқын мысал бар. 1948 жылы құрылған Израиль мемлекеті 2000 жылға жуық тарыдай шашылып жан жақта жүрді. Арада біраз жылдар өткен соң, өз мемлекетін қайта құрып, өз тілін, еврей тілін қайта жандандырды. Бүгін де, бүкіл әлемге өзінің билігін, ықпалын жүргізіп келеді. Ол елдің әрбір азаматының ұлттық саяси санасы ояу болғандықтан, ұлттық саяси сана арқылы, ұлттық саяси психологияны қалыптастыра алды. Кез келген еврей, қай мемлекетте өмір сүрмесін, өзінің белгілі көрмелерінде, дәрісханаларында өздерінің ұйымдарын құрып, өз құндылықтарын бір-біріне насихаттап жүр. Болашақта өзіміздің ата-жұртымызға ораламыз деген сеніммен өмір сүріп келген. Соның арқасында, біраз уақыт өткен соң, өздерінің атамекеніне оралып, өзінің мемлекетін қайта құрды. Әлем оларды мойындамаса да, өз билігін жүргізіп келеді. Керісінше, олардың ағайындары саналатын арабтар 20 шақты мемлекетке бөлініп, әр мемлекеттің ішінде рулық, тайпалық жүйе жүріп жатыр. Осыдан, бір елдің бірлігін сақтайтын факторларды көбейту керектігін тарих бізге үйретіп отыр. Ол – ұлттық сана. Ұлттық сана дегеніміз – ұлттық құндылық. Ал ұлттық құндылық, ол – тіл, дін, діл. Еврейлер осы үш негізді сақтай білді. Сол себептен, өз мемлекеттерін қайта құруға мүмкіндік алды.